

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мамыр айы 2024 жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйымы : “Әлия ” бөбекжайы

Топ: №5 “Айгөлек” ересек тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Қандай кезеңге жасалды: (13.05.24 - 17.05.2024жыл)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.05.2024	Сейсенбі 21.05.2024	Сәрсенбі 22.05.2024	Бейсенбі 23.05.2024	Жұма 24.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, денсаулығын тексеріп қарсы алу	Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу	Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу	Қызыл жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Дыбыс арқылы санды тап».Танымдық дағдылар	Ертегі ойыны: «Қасқыр мен жеті лақ» ертігіні еске түсіру, қайталау.Коммунікативтік дағдылар	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді тап» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу.математика негіздері	Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. Коммунікативтік дағдылар	Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. Коммунікативтік дағдылар
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.	«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру.	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (капактың түрлері, пластик, қораптар,кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.	Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; Қимылды ойын: Тегіс жолмен	Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүргізу; 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; Қимылды ойын: Масаны ұстап ал	Музыка Ән айту: Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. Музыкалық-ырғақты қимылдар: Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды Қазақ тілі Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: аяқтың сыртқы қырымен жүру; заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату; арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бір-бірінің жанына сапқа тұру. Қимылды ойын: Кішкене маймылдар.
	Көктемнің үшінші айы мамыр айы.	Ғажайып қорапшадан	Балаларға бидай, тары, жүгері және гүл ұрықтарын	Жер ананы қалай құрметтейміз? Ол үшін не істеуге	Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң

Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ бәйшешек наркес гүлдері туралы ақпарат беру. (сөйлеуді дамыту) Балаларды үш гүлге сәйкес топтарға бөлу. Бір орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Үшінші топ гүлдерді қағаздан жасайды. (құрастыру, жапсыру)	казак халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету	көрсету. Танып атау, оларды қалай санауға болатын сұрау. Таразыны пайдалануды үйрету. (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. (музыка)	болады? Серуенге шыққанда жасайтын іс әрекеттерімізді жоспарлап суретке салайық деп салғызу. Ал екінші топ күректер шелектерді дайындап, онымен қалай жұмыс жасайтынын ойлап, жасап үйреніп дайыналады. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)	атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Жер бетінде тыныштық Болған әрбір күн ыстық! Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар! Аман Отан – панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар! Такпағын жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екепінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық
---	---	--	---	--

		(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)			танытуға баулу. (сөйлеуді дамыту)
		Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салу, бояу (сурет салу)			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Кемпіркосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпіркосак туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. - Жарқылдан соң жаңағы,	Көбелектерді бақылау. Мақсаты: - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайдатүсінік беру, оның болуы, көбеюі, ерекшеліктерін құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз	Бақылау: Бал арасын бақылау. Мақсаты: Балаларға өздеріне таныс жәндік бал арасы туралы түсінік беру, оның ерекшеліктерін және гүлге қонуын бақылау. Сұрақтар: Араның сыртқы көрінісі қандай? Олар немен коректенеді? Неге олар гүлге қонады? Еңбек: Алаңдағы	Бақылау: Өрт сөндіргіш машинаны бақылау. Мақсаты: Жалпы машина құрылымымен оның бөліктерімен толық таныстыра отырып, қызығушылығын арттыру. Еңбек: құм салғыштағы құмды тазалау. Мақсаты: Тазалыққа, ұжыммен бірігіп	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Балаларға жазғы жаңбыр туралы түсінік бере отырып, судың қасиеттерімен таныстыру. Сұрақтар: Жаңбыр қай мезгілде жауады? Еңбек: Құмды тазалау. Жеке жұмыс:

Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) - Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта	«Қызыл-жасыл көбелек» Ш. Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойнын гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Қанша қусан көбелек, Қанаты бір талмайды. Соныменен не керек, Ақыры ұстай алмайсың. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Ертеде Римде адамдар көбелектерді	қоқысты жинақтау. Жеке жұмыс: Көркем сөз, жаңылтпаш. Ара, ара, аралар Орманның бойын аралар Гүлдердей сорып бал алар Алысқа ұшып бал алар Бал тәтті ғой, ә, балалар. Қимылды ойын: Жаттығу ойын: «Дәлме – дәл жүргізу. «Бақташы мен үйір»	жұмыстануға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Топтағы қиын баламен жұмыстану. Қимылды ойын: «Орнынды тап» Мақсаты: балалар айнала дөңгеленіп, екі екіден бірінің артынан бірі тұрады. Екі ойыншы жүгіріп, бір – бірін қуалайды. «Ақ тереккөк терек» ойыны.	«Жаңбыр» туралы өлең айту. Қимылды ойын: «Жауады – жаумайды» «Қолшатыр» Мақсаты: Кеңістікке бағдарлап, жүгіре білуге үйрету.
---	--	--	--	---

жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпіркөсак қай уақытта пайда болады ? I ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпіркөсак қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпіркөсактың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан	өсімдіктер гүлінен пайда болған дегенге сенген Көбелектің екі жұп қанаты бар. Олар майда қабыршақпен көмкерілген. Сондықтан да оларды қабыршақ қанаттылар деп атайды. Көделектің денесі қабыршақпен және майда шаштармен көмкерілген. Олардың қысқа мұрттары мен үлкен көздері бар. Гүлден гүлге қонып көбелектер шырын жинайды және оларды тозаңдандарад			
--	--	--	--	--

	тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпіркосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады	ы. Жазда ұрғашы көбелектер жер қыртысына жұмыртқалары н жинайды. Бірнеше уақыттан соң жұмыртқалард ан құрттар- личинкалыр пайда болады.осы осы құрттардан анағыз көбелектер өседі. Тұт ағашының жапырақтарым ен қоректенетін көбелектер адамға жібек алатын жіңішке жіптерін сыйлайды. Зерттеу жұмысы Қай гүлге			
--	---	--	--	--	--

		қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады) Еңбек Гүлзардағы қоқыстарды жинау Мақсаты: еңбек ете білу іскерліктерін калыптастыру, өз беттерінше тазалық жүргізуге деген құштарлықтар ын ояту. Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». Мақсаты: тәрби еші белгісі бойынша жүкіруге, өрмелеуге			
--	--	--	--	--	--

		жаттықтыру. Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». Мақсаты: Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру.			
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету				

	дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қ о				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексازдан қызғалдақ жасату.	Балаларды әдебиет орталығына алып бару. «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға қоршау жасауды дәндерді жапсырып ұйымдастыру (кұрастыру) құмыраны сәндеу (мүсіндеу)	Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, жасауды (кұрастыру)	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.
	Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, билету (музыка)	Ертегілер желісі бойынша сюжеттік композиция құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда	Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)	

		міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. (мүсіндеу) Құрылыс материалдары мен еркін ойындар (құрастыру)	сактауды қалыптастыру. (сурет салу) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)		(құрастыру) Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атауды үйрету.	 ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету.	 «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуды үйрету.	 геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттеуге дағдыландыру.	 тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін білуді дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Балабақша ауласына ұшып	Құмнан зымыран жасау. (құрастыру) Қимылды ойын	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасау. (жапсыру)

	табу. Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	келген кұстарды санау, салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «арқан тарту»	«Мысық пен тышқан»		Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлендер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Ертегілер жайлы сұрау	Кейіпкерлерді атау	Тіл жаттықтыру	Мақал-мәтел үйрету	Тәулік бөліктерін сұрау
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер»	Психологтің кеңесі: мысалы: «балалардың өзара қарым-қатынасы»	Балалардың бүгінгі жетістігі (әңгімелесу).	Кеңес: Әр баланың ынтасы туралы айту	«Отбасым –бақыт мекенім » тақырыбына әңгімелесу.

“Тексерілді”
 №15 “Әлия” бөбекжайы
 МКҚК - ның әдіскері:
 У.Г. Нурмухамметова. 
 “17” 05 2024жыл